

ШЖҚ «№4 қалалық емханасы» МКК бойынша ақпарат

ШЖҚ "№4 Қалалық емхана" МКК-да (бұдан әрі-Емхана) ересектерді, балалар мен жасөспірімдерді аралас қабылдауды жүргізеді. Шымкент қаласының Әл-Фараби және Еңбекші аудандарында тұратын халыққа емханалық қызмет көрсетеді.

Емханада МСАК қызметтерін 22 жалпы практика дәрігері (бір аймаққа жүктеме 1485) және 9 педиатриялық аймақ (бір аймаққа жүктеме 449), 5 гинекологиялық аймақ, күндізгі стационарлық 25 төсек орын (*онын ішінде: 2 оңалту, 3 амбулаторлық хирургия*) және бейінді дәрігерлер мынадай мамандықтар бойынша: хирург, невропатолог, офтальмолог, кардиолог, эндокринолог, инфекционист, рентгенолог, дәрігер-зертханашы, акушер-гинеколог, маммолог, онколог, оториноларинголог, функционалдық диагностика дәрігері, эпидемиолог, жасөспірім дәрігер, СӨС дәрігері, логопед және басқалар.

2023 жылғы 10 айлық көрсеткіш бойынша Емханада барлығы 36 799 халық тіркеліп, оның ішінде: *18 жас және одан жоғары-23 445, 15-17 жас (жасөспірім) 1713, 0-14 жас- 11 641, фертильді жастағы әйелдер - 8854 тіркелген.*

- **Тұрғылықты жері бойынша тірі туылғандар** - 2022 жыл 10 айында - **618** болса 2023 жылдың 10 айында - **643** құрап, **4 % өсті**;

- **барлық 1 жасқа дейін қайтыс болғандар** - 2022 жыл 10 айында - **7**, болса 2023 жылдың 10 айында- **4** құрап, 1000-ға шаққандағы нәрестелер өлім жітім көрсеткіші- 2022 жыл 10 айында – **11,3** , болса 2023 жылдың 10 айында- **6,2** құрап, **45,1% төмендеген**;

- **ана өлімінің деңгейі** 2022 жыл 10 айында және 2023 жылдың 10 айында- тіркелмеді.

- **неонатальдық өлім-жітім коэффициенті** 2022 жыл 10 айында – 6,5 , болса 2023 жылдың 10 айында- 1,6 құрап, **75,4% төмендеген;**

- **бес жасқа дейінгі балалар өлім-жітімі** 2022 жыл 10 айында – 12,9 болса 2023 жылдың 10 айында- 7,8 құрап, **39,5 % төмендеген;**

- **туберкулезден болатын аурушаңдығы** 2022 жыл 10 айында – 29,6, болса 2023 жылдың 10 айында- 40,3 құрады. Оның ішінде: профилактикалық тексерулердің нәтижесінде – **53,3% анықталды.**

- **қан айналымы жүйесінің аурушаңдығы** 2022 жыл 10 айында - **721** , болса 2023 жылдың 10 айында- **701** құрап, **2,8% төмендеген;**

- **қатерлі ісіктерден болатын аурушаңдық** 2022 жыл 10 айында – **120,9**, болса 2023 жылдың 10 айында- **116,1** құрап, **4 % төмендеген;**

- **қатерлі ісіктерден болатын өлім – жітім** 2022 жыл 10 айында – **46,3** , болса 2023 жылдың 10 айында- **35,1** құрап, **24,2% төмендеген;**

Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық тексеру **100%** орындалды.

Халықтың мақсатты топтарын профилактикалық екпелермен қамту көрсеткіші **88 %** орындалды. Жоспар 88 % төмен емес.

Емханадағы қашықтықтан көрсетілетін қызметтер үлесі қазіргі таңда **6%-ға** жетті (жоспар 7%). Жыл соңына дейін жоспарға жету бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер күнделікті бақылауға алынып, нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген мерзімдерде орындалып, **кешіктірулер** орын алмады.

2023 жылы бірқатар жұмыстар атқарылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «**Халық үніне құлақ асатын мемлекет**» тұжырымдамасына сәйкес, өзекті мәселелерді шұғыл шешіп, жұртшылықпен кері байланысты күшейтіп, тұрғындарын өтініш, ұсыныстарын тыңдау мақсатында **Call орталығы мен фронт офис** ашылды.

Соның нәтижесінде арыз шағым көрсетшісі 2022 жылдың 10 айында 54 шағым болса, 2023 жылдың 10 айында 43 шағымды құрап, **20,4% төмендеді**. (оның ішінде: ҚР ДСМ 3, Басқармаға 1 (2022ж-2), Емхананың бас дәрігеріне 7 (2022ж-11), RD жәрдем 7 (2022ж-23), AIKEY 21 (2022ж-14), е.өтініш 3 (2022ж-4), алғыс айту 1 (2022ж-0). Жоғарыда көрсетілген шағымдардың 21 қайтарылып алынған, 2022 жылы қайтарылып алынған арыздар-0.

Медициналық көмектің қол жетімділігін бақылау үшін **ситуациялық орталық ашылып**, негізгі 16 индикаторларға тұрақты бақыланып, аймақтар бойынша рейтинг жасалып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Емхананың қаржысын үнемді және дәрі дәрмекті тиімді пайдалану мақсатында **1С+КМИС** интеграцияланып және дәріхана **GPP** стандартына өтті.

Сонымен қатар, пациенттердің қадамдылық қолжетімділігін ескере отырып, әуре сарсаңға салмау мақсатында 3 төсек орынды **амбулаторлық хирургия** орталығы ашылды. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Шымкент қаласы бойынша филиалынан қосымша қаржы бөлінді.

Емхананың табыс көзін ұлғайту мақсатында **жекеменшік медициналық ұйымдармен жедел жәрдемнің 4 санаты бойынша, маммография және аудиоскрининг** жүргізуге келісім шарттар түзіліп, түскен қаржының есебінен компьютерлік техникалар 100%-ға жаңартылып, интернет желісінің қуатылығы қосымша 60 мбит ке жоғарыланды және дәрігерлерге QR-кодтар толық орнатылды.

Сондай-ақ, 1,5 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жарықтандыру толық жүргізіліп, пациенттермен қызметтерге қолайлы жағдай жасау мақсатында медициналық орындықтар алынды.

Қан айналым жүйесінің аурушаңдығын төмендету мақсатында **ХСН кабинеті** ашылып, **УДЗ** және **биохимиялық анализаторлар**,

кольпоскопиялық зерттеулер іске қосылды. Қосымша медициналық қызметтер, манипуляциялық процедуралар тізімі өткен жылмен салыстырғанда ұлғайды. Емханадан үнемделген қаржы есебінен **1,05 млн теңгеге** қажетті құрал жабдықтар *хирургиялық стол, гинекологиялық креслолар, кровать, отсос, шам*) сатып алынып, (материальдық техникамен **82,76 %** жетті.

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен республикалық бюджет қаражаты есебінен **73,5 млн** теңгеге 4 құрал жабдық (*ЛОР комбайн, цифрлық рентген аппараты, стоматология аппараты және микроскоп*) сатып алынды.

Қазіргі таңда, ЛОР комбайн, стоматология аппараты және микроскоп Емханаға жеткізіліп, пайдалануға берілді. Цифрлық рентген аппараты жыл соңына дейін жеткізілетін болады.

Емхананың қаржы шаруашылық қызметі:

Емхананың бюджеті 2022 жылы – 1,339 млн теңге болса, 2023 жылы – 1,409 млн теңгені құрап отыр, өткен жылмен салыстырғанда **5 % өсті**. Емханада көрсетілетін медициналық қызмет ұлғаюына байланысты, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Шымкент қаласы бойынша филиалынан қосымша **51 млн теңге** берілді.

Консультативтік - диагностикалық қызметтердің сыртқы жолдамалар 2022 жылы -387 млн теңге болса, 2023 жылы- 277 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстарғанда **28,4 % төмендеді**.

Өзгеде қызметтер түрінің спецификациясынан үнемделген қаржы есебінен **16,3 млн теңгеге** Емханаға ағымдағы жөндеу (*текущий ремонт*) жұмыстары жүргізілді.